

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын регтеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Банк конгломераттарына арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу әдістемелері мен нормативтік мәнін, сондай-ақ олардың орындалуы туралы есеп берудің нысандары мен мерзімін белгілеу туралы" 2006 жылғы 25 ақпандагы № 44 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 15 шілдедегі N 109 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 23 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6416 болып енгізілді

Банк конгломераттарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) Басқармасы
Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

Е Т Е Д И :

1. Агенттік Басқармасының «Банк конгломераттарына арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу әдістемелері мен нормативтік мәнін, сондай-ақ олардың орындалуы туралы есеп берудің нысандары мен мерзімін белгілеу туралы» 2006 жылғы 25 ақпандағы № 44 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4148 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

7-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Банк конгломератының меншікті капиталын есептеу мақсатында банк конгломераты қатысушысының меншікті капиталының нақты мөлшерінен занды тұлғалардың жарғылық капиталына салынған инвестициялар, занды тұлғалардың реттелген борышы, сондай-ақ занды тұлғалардың меншікті капиталының өзге де салымдары алынып тасталады.»;

1-қосымшасында «Банк конгломераты меншікті капиталының жеткіліктілік коэффициентінің есебі» 1-кестенің:

2, 3-жолдар, реттік нөмірлер мынадай редакцияда жазылсын:

1

2.	Инвестициялар	
3.	Инвестицияларды шегергендердегі меншікті капиталдың нақты мөлшері	

».

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Стратегия және талдау департаменті (Н.А. Әбдірахманов):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан

Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын
қ о лғ а а л с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мұдделі бөлімшелеріне, «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастыры» заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жеткізсін.

4. Агенттіктің Төрайым Қызметі (А.Ә. Кенже) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат күралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары Қ.Б. Қожахметовке жүктелсін.

T e p a й ы м н ы н

міндетін атқарушы

K. Кожахметов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күкىқтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК